



Қауіпсіздік рәсімдері

1. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсына қол жеткізу HTTPS қорғалған хаттамасы бойынша kaspi.kz сайтына қосылу арқылы жүзеге асырылады. Клиенттің техникалық құралы мен «www.kaspi.kz» сайты арасында берілетін деректер DigiCert Inc компаниясының сертификатымен шифрланады. Шифрлау беріктігі 128 бит болып анықталған.
2. Интернет желісіндегі kaspi.kz мекенжайы Банкке тиесілі. Банк «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының сервистерін пайдаланушыға олардың жеке және төлем деректерін пайдалануға кепілдік береді.
3. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының бағдарламалық-техникалық кешені, сондай-ақ банктік жүйелермен өзара әрекет ету модульдері тек Банктің аумағында ғана орналастырылады. Банк «www.kaspi.kz» сайты сайтының бағдарламалық-техникалық кешенінің иесі болып табылады.
4. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының бағдарламалық-техникалық кешені бөлек қорғалған шағын желіге бөлінген. www.kaspi.kz сайты мен банктік жүйесінің тікелей қосылыстары жоқ.
5. Пайдаланушы Верификациялау және/немесе Тіркелу рәсімінен өткеннен кейін немесе Клиент оның Логині мен Паролін көрсеткен кезде ғана «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы қызметке қолжетімділік алынуы мүмкін.
 - 1) Верификациялау рәсімі:
 - а) Верификациялау барысында «www.kaspi.kz» интернет-ресурсына кіруші өзінің мобильді телефонының нөмірін көрсетеді;
 - б) «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы кірушінің мобильді нөміріне Сеанстық кілтті бар СМС-хабарлама жібереді;
 - в) Кіруші Сеанстық кілтті көрсетеді.
 - 2) Тіркелу рәсімі:
 - а) «www.kaspi.kz» интернет-ресурсына кіруші Верификациялау рәсімінен өтеді;
 - б) Кіруші Атын және Туылған күнін көрсетеді;
 - в) Кіруші Парольді көрсетеді.
6. Клиенттің Тіркелу және Верификациялау рәсімінен өткен кезде көрсететін мобильді телефонының нөмірі «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы жүйесінде логин болып табылады.
7. Парольді Клиент ойлап табады және мынадай критерийлерге сәйкес келуі тиіс:
 - 1) Парольдің ұзындығы кемінде 7 символ болуы тиіс;
 - 2) Пароль бір ғана цифрлардан тұрмайды. Парольдің құрамына кемінде бір әріп немесе арнайы символ кіруі тиіс.
8. Парольді растау үшін Клиент Логин ретінде пайдаланылатын Клиенттің мобильді телефонына сайттың жіберген сеанстық кілтін енгізуі қажет.
9. Сеанстық кілттің әрекет ету уақыты 15 минутқа тең.
10. Парольді өзгертуге әр жаңа сұрату қайта жасалған Сеанстық кілтпен ғана расталуы мүмкін.
11. Дұрыс Парольді көрсетуге 3 талпыныс беріледі, әйтпесе «www.kaspi.kz» интернет-ресурсына клиенттің қолжетімділігіне 15 минутқа тосқауыл қойылады.
12. Транзакциялық операциялар Клиенттің Телефон нөміріне жіберілген Сеанстық кілтпен қосымша расталуы мүмкін, оның нөмірі «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы клиенттің Логині болып табылады.
13. Қауіпсіздік және Клиенттің қаражатының сақталуын қамсыздандыру мақсатында Банк Клиенттің «www.kaspi.kz» интернет-ресурсына қолжетімділігіне тосқауыл қоюға құқылы.

14. Visa, MasterCard картасымен транзакциялық операциялар жасау үшін «www.kaspi.kz» интернет-ресурсын пайдаланушы Клиент Верификациялау және/немесе Тіркелу рәсімінен өтуі керек және Логині мен Паролін көрсетуі керек.

1) бірінші рет төлеген кезде:

а) қызмет көрсетуші таңдау;

б) төлемнің сомасы мен параметрлерін көрсету;

в) картасының нөмірін көрсету;

г) картаның қолданылу мерзімінің аяқталатын күнін көрсету;

д) CVV кодын көрсету;

е) Қажет болған жағдайда операцияны Сеанстық кілтпен растау – мобильді телефонды верификациялау рәсімінен өту.

2) Қайта төлеген кезде:

а) қызмет көрсетуші таңдау;

б) төлемнің сомасы мен параметрлерін көрсету;

в) Тізімнен бірінші төлем жасалған Visa, MasterCard немесе Клиентпен жасалған шартқа сай басқа халықаралық төлем жүйесінің картасын таңдау;

г) Қажет болған жағдайда операцияны Сеанстық кілтпен растау – мобильді телефонды верификациялау рәсімінен өту.

15. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Visa, MasterCard немесе Клиентпен жасалған шартқа сай басқа халықаралық төлем жүйесінің картасымен транзакциялық операцияларды жасаған кезде төмендегідей шектеулер қабылданған:

1) Қазақстаннан тыс жерде шығарылған Visa, MasterCard немесе Клиентпен жасалған шартқа сай басқа халықаралық төлем жүйесінің карталарымен ақы төлеуге рұқсат берілмейді;

2) Барлық операциялар Клиенттің Телефон нөміріне жіберілген Сеанстық кілтпен қосымша расталады;

3) Әр Клиент бір күнтізбелік айда Visa, MasterCard немесе Клиентпен жасалған шартқа сай басқа халықаралық төлем жүйесінің көп дегенде 3 картасын пайдалана алады.

16. Банк карталардың CVV кодтары туралы ақпаратты сақтамайды. Карталардың нөмірлері туралы деректер бұл картаны рұқсатсыз ақша жұмсауға болмайтындай етіп, жасырын және шифрланған түрде сақталады.

17. Банк PCI DSS стандарты бойынша сертифицирталған.

18. Транзакция 3D Secure технология рәсімінен айналып өтіп, жасалған жағдайда, Банк 3D Secure-ге қосылған карта ұстаушылары үшін соманың қайтарылуына кепілдік береді.

19. Visa, MasterCard картасын ұстаушы клиенттің картасының жоғалуына байланысты алаяқтық операцияларды тексерген жағдайда, Банк әрқашан клиенттің жағында болады.

20. Банк рұқсат етілмеген төлемдерді тексеру, оларға шара қолдану және олардың алдын алу мәселелерінде ынтымақтастық орнатуға міндеттенеді.

21. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы Клиенттердің барлық әрекеттері туралы ақпарат арнайы жүйелерде сақталады (мұндай деректерді сақтау мерзімі – 10 жыл)
